

2013 жылға интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі N 16/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 30 мамырда N 2336 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-б) тармақшасына сәйкес жұмысқа орналастыруға мұқтаж интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2013 жылға интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектерін жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. "Бұқар жырау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Н.Г. Алексеева) квоталанған жұмыс орындарына интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектерінің жұмысқа орналастыруына жәрдем ж а с а с ы н .

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ш. Мамалинов